

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫС АПТАСЫ

Облыс әкімі Берік Уәли өңірлермен танысуды Абай ауданынан бастады. Аймақ басшысы Абай, Шәкәрім, Мұхтар сынды ұлыларды дүниеге әкелген қастерлі мекенде Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына дайындық мәселесін пысықтап, аудандағы бірқатар әлеуметтік-мәдени нысандардың жағдайымен танысты.

Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИ,
«Semei tany»

Абай мен Шәкәрім мәңгілік тыныстап жатқан жер. Жидебайдағы Құнанбай әулетінің үйі. Тағылымы мол «Қара сөздер» жазылған, Абай өмірінің соңғы он жылы өткен киелі мекен... Қастерлі өлкеде облыс басшысы алдымен Жидебайдағы Абай - Шәкәрім мемориалдық кешеніне барды. Бұл жерде құрбандық шалып, ұлылар рухына тағзым етті. Кешенде Абай Құнанбайұлы мен кенже інісі Оспан, Шәкәрім Құдайбердіұлы мен ұлы Ахат жерленген. 1995 жылы Абайдың 150 жылдық мерейтойында ашылған нысан ақынның 175 жылдығы қарсаңында қайта жаңғыртылып, аумағы абаттандырылып, амфитеатр төбесі күмбезделіп, аумағы толықтай жарықтандырылған.

Жидебай қорығы мемлекет қамқорлығына алынған. Қорық құрамында «Абай - Шәкәрім» кесенелер кешені, Абайдың музей-үйі, «Шәкәрімнің саят қорасы» музейі, Кеңгірбай би мазары, Абайдың аналары Ұлжан мен Зеренің бейіті сынды 17 тарихи ескерткіш және тарихи орындар бар. Сонымен бірге дәрісхана, мәжіліс залы, әкімшілік бөлме сынды үш бөлмеден тұратын Абайтану орталығы бар.

«Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария сәлем береді» демекші, Берік Уәлиұлын қарсы алған ауданның абыз ақсақалдары ыстық ықыластарын білдіріп, белгілі ақын Төлеген Жанғалиұлы бата берді.

- Аудандарға алғашқы сапарымды ұлылар туған топырақтан бастауым бекер емес. Қасиетті Абай жері мұқым қазақтың туған жері деп айтсақ болады. Абайды білмейтін қазақ жоқ. Биыл – Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа жылдық құттықтауында: «Ұлы Абайдың мерейтойын лайықты атап өтуіміз керек», - деген еді. Үкімет бұл бағытта көптеген жұмыстарды қолға алып жатыр. Ойшыл есімін иеленген облыс болғандықтан, бізге артылған жауапкершілік жүгі салмақты. Мерейтойға дайындықты қазірден бастап, жоғары деңгейде өткізуіміз керек. Тәрбиелік мәні зор, тағылымы мол шараларға басымдық беретін боламыз, - деді Берік Уәли.

Облыс басшысы мемориалдық кешенді, Абайдың музей-үйі мен қызмет көрсету орталығын аралап көрді.

Ұлы ақынның кіндік қаны тамған мекенге еліміздің өзге өңірлерінен ғана емес, шет елдерден де саяхатшылар көп келеді. Туристік әлеуеті жоғары аумақтың инфрақұрылымын одан әрі дамытып, ұсынылатын қызмет сапасын арттырудың маңызы зор. Абай ауданының әкімі Мейіржан Смағұлов мерейтойға дайындық барысымен таныстырып келе саяхатшылардың саны жыл санап артып отырғандығын айтты. Өткен жылы 45500-ден астам адам келіпті. Алайда туристерге қызмет көрсететін орын тапшы. Туристерге заман талабына сай қызмет көрсету үшін инфрақұрылымды жақсарту керек. Мемориалдық кешен аумағын тазалайтын техникалардың жетіспеушілігі, қызметкерлер жалақысының көңіл көншітпейтіні де бар. Қорық қорғалатын аймақ болғандықтан, бұл мәселелер республикалық деңгейде қарастырылуы қажет. Аудан әкімі Мейіржан Смағұлов киелі жерлерді интернетпен қамту үшін антенна-дінгекті құрылыс орнатуға қолдау көрсетуді өтінді.

Облыс әкімінің ұлылар еліне сапары Қарауылтөбеде жалғас-

ҰЛЫЛАР РУХЫНА ТАҒЗЫМ



ты. Құнанбай Өскенбайұлының 220 жылдығы былтыр осы жерде тойланған болатын. Қарауылтөбеде сахна, көрермендер орны, сауда-саттық орындары, алтыбақан, садақ ату, асау үйрету және басқа да ұлттық ойындар ойналатын аумақтар, киіз үй тігілетін этноауыл орындары әзірленген. Өткен жылы шамамен 8 мың адам келсе, биыл мемлекеттік деңгейде аталып өтетін ұлы ақынның мерейтойына келетін қонақтар саны арта түседі деп болжанып отыр. Аудан әкімі Қарауылтөбеде, Абай саябағында өткізілетін іс-шаралар жоспарымен, арнайы әзірленген жобалармен таныстырды.

Облыс әкімінің сапары аудандық мәдениет үйінде жалғасты. 1972 жылы іргетасы қаланған 370 орындық мәдени ошақ талапқа сай жабдықталған. Заманауи үлгідегі ЛЭД экран орнатылыпты. Орындықтарын жаңарту үшін жоба әзірленген. Әкім мәдениет үйінің материалдық-техникалық базасымен, өнерпаздардың жетістіктерімен танысты.

Берік Уәлиұлы Қарауыл ауылында қайта жаңғыртылып жатқан әлеуметтік қызмет көрсету орталығының жұмысымен де танысты. Екі қабатты ғимаратты ауданның тумасы Сейфолла Рахымбаев «Ауылына қарап – азаматын таны» жобасы аясында мемлекетке сыйға тартыпты. Нысанды жөндеуге облыстық бюджеттен қаржы бөлінген. Мердігер мекеме «Жарма Құрылыс газ» ЖШС-ның өкілі Қайрат Тайтөлеуовтің айтуынша, ғимараттың шатыры, терезелері ауыстырылған. Электр желісі тартылып, ішкі өрлеу жұмыстары басталған. Күн жылынған соң құрылысшылар сыртқы жөндеу жұмыстарына кіріседі. Нысан тамыз айында, мерейтойға орай пайдалануға берілімек. Айта кетсек, әлеуметтік қызмет көрсету орталығында күндізгі стационар, мүгедек және жалғыз басты қариялардың үйіне барып қызмет көрсету, отбасын қолдау орталығы сынды үш бөлімше болады.

Осыдан соң облыс әкімі Ақшоқыдағы Ұлы Абайдың 175 жылдығына орай ашылған Құнанбай Өскенбайұлының мұражайына,

Құнанбай әулеті жерленген қорымға барды. Құнанбай музейінің ішінде заман талабына сай жабдықталған конференция және экспозиция залдары бар. Сондай-ақ мұражай меңгерушісінің бөлмесі, зиярат етіп келетін 4 адамға арналған екі қонақ бөлмесі, намазхана, асхана және санитарлық торап бөлмелерімен жасақталған.

Бір өкініштісі, қорымға апаратын тас жолдың шаңы шығып жатыр. Аудан әкімі облыс басшысынан қорымға баратын 21 шақырым жолды асфальттауға көмек көрсетуді сұрады.

Берік Уәлиұлы Мұхтар Әуезовтің туған жері Беріліде де болып, Абайды әлемге танытқан кемеңгер жазушының мұражайын аралап көрді, жазушының ата-бабаларына Құран бағыштады.

Облыс әкімін Берілі музейінің меңгерушісі Шағжан Исабаев қарсы алып, мұражайдағы жәдігерлермен таныстырды.

- Қазақ театр өнері біздің Абай елінен бастау алған. Мұхтар Әуезов 1917 жылы Абайдың жары Әйгерімнің жайлауында «Еңлік - Кебек» пьесасын қойған. Бұл - қазақ елі тарихындағы бірінші пьеса. Тарихи жерге бір белгі орнатылса деген халықтың тілегі бар, - деді Шағжан Исабаев.

Сапар соңында облыс басшысы Жидебайдың инфрақұрылымын нығайтуға, ауданда туризмді дамытуға байланысты жуық арада кешенді жоспар әзірлеп ұсынды тапсырды.

- Бүгін Абай ауданының тарихи-мәдени нысандарын аралап, өңірдің барлық өзекті мәселелерімен таныстым. Қазіргі таңда облыстық бюджетті қайта қарап жатырмыз. Ауданға барынша қолдау білдіреміз. Қала, аудан әкімдері тек бюджет қаржысына иек артпай, инвестиция тартуға көңіл бөлуі керек. Бұған Президент те, Үкімет те ерекше мән беріп отыр. Сондықтан басқа аудандар да Сейфолла Рахымбаев секілді туған жеріне жанашыр азаматтармен бірлесе жұмыс істеп, өскен-өнген өңірін көркейтуге жұмылдыруы қажет. Бұл – барлығымызға ортақ міндет, — деді облыс әкімі.

СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ ДАЙЫНБЫЗ БА?

Абай облысының әкімі Берік Уәли орынбасары Димитрий Гариков, Төтенше жағдай департаменті басшысының орынбасары Алексей Штыкельмен бірге Бородулиха, Жаңасейіт аудандары мен Семей қаласының су басу қаупі бар аумақтарын әуеден тексерді.

Тікұшақпен барлау барысында Шүлбі су электр станциясындағы гидрологиялық жағдай, көктемде Ертіс пен Уба өзендеріндегі су деңгейі көтерілетін қауіпті аумақтарға ерекше назар аударды.

Аймақ басшысы Бородулиха ауданындағы Красный Яр, Переменовка ауылдары мен Жезкент кенті аумағындағы қар жамылғысының деңгейін әуеден бақылады. Аталған елді мекендер гидроқұрылымдарға жақын орналасқандықтан жыл сайын мұз жару жұмыстары жүргізіледі.

- Бүгін өзендерде мұз жару жұмыстарын жүргізуге дайындық барысы да тексерілді. Облыстың басқа да аудандарындағы тасқын қаупі бар елді мекендерді тұрақты бақылауда ұстап отырыңыз. Күнделікті мониторинг жүргіземіз. Аймақ басшысына өңірдегі ахуалды толық баяндадым, — деді Абай облысы әкімінің орынбасары Димитрий Гариков.

Ертіс өзені мен елді мекендерді тікұшақпен барлау барысында аталған аумақтарда қар жамылғысы қалың болғанымен, ери бастағаны байқалмады. Ертіс пен Уба өзендерінде мұз кептелісі жоқ. Алайда Ертіс өзенінің Семей қаласы Суық бастау елді мекені аумағында мұз жиналғаны байқалады. Екі аудан мен облыс орталығындағы гидрологиялық жағдайды бағамдаған облыс әкімі өзендердегі су деңгейін, өңірдегі барлық су бөгендерін, су өткіз құрылғыларын жіті бақылауда ұстауды тапсырды.

- Алдағы уақытта Бесқарағай ауданының Жетіжар, Кривинка ауылдары мен Семей қаласы аумағындағы Ертіс өзенінде мұз жару жұмыстары жүргізіледі. Бұл жұмысты жалғастыру қажет. Жақын арада Бесқарағай, Үржар, Мақаншы, Ақсуат аудандарына барып, су тасқынына дайындық барысын көремін. Қазіргі таңда өңірдегі ахуал тұрақты, — деді облыс әкімі.



Облыс әкімінің төрағалығымен өткен алғашқы кеңейтілген аппараттық жиналыста су тасқынына дайындық барысы талқыланды. Қала және аудан әкімдері отырысқа бейнережимде қатысты.



Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен алғашқы кеңейтілген аппараттық жиналыста су тасқынына дайындық барысы талқыланды. Қала және аудан әкімдері отырысқа бейнережимде қатысты.

Төтенше жағдайлар департаменті, «Қазгидрометтің» Шығыс Қазақстан және Абай облыстары бойынша филиалы, Жұмылдыру даярлығы және азаматтық қорғау басқармасы, Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, «Қазсушардың» Шығыс Қазақстан филиалының жетекшілері аймақ басшысына өңірдегі ахуал туралы баяндады.

Төтенше жағдайлар департаменті өкілінің хабарлауынша, облыстағы 45 елді мекенді су басу қаупі бар. Бұл аймақтарда 4 мыңға жуық халық тұрады. Қазіргі таңда есіресе Аягөз, Бесқарағай, Бородулиха, Көкпекті аудандарындағы 20 ауылда қауіп сақталуда.

«Қазгидрометтің» Шығыс Қазақстан және Абай облыстары бойынша филиалының директоры Ләззат Болатқан өңірдегі қардың деңгейі, алдағы күн райы туралы ақпарат ұсынды. Өсіресе Аягөз ауданында қар жылдағыдан қалың. Мамандардың болжамынша, наурыз айында аймақта күн күрт жылуы мүмкін. Жанбыр жаууы да ықтимал.

Облыс әкімі барлық қала-аудан әкімдерін тасқынға дайын болуды тапсырды.

- Биыл көктем ерте шығады деген болжам бар. Алдын ала қамданып, нақты шаралар қабылдап, барлығына дайын болуымыз керек. Былтырғы су тасқынының қалай болғанын жақсы білесіздер. Су басу қаупі бар облыстардың қатарында тұрмыз. Сондықтан

қала, аудан әкімдері дайындықты күшейтіңіздер, - деді аймақ басшысы.

Жиында Жұмылдыру даярлығы және азаматтық қорғау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бауыржан Жарылғапов қар шығару жұмысы, су тасқыны кезінде қажет материалдар қоры жөнінде баяндады. Алайда ұсынған мәліметтері басқа құзырлы органдармен сәйкес болмай шықты.

- Баяндамаңызда әкімдіктер 65 140 қап құм дайындады дейсіз. Ал Төтенше жағдайлар департаментінің ақпараты бойынша, 70 мың қап әзірленген. Кімнің айтқанына сенеміз? Қайсысы дұрыс? Сіздер бірлесіп жұмыс істейсіздер ме? Бір облыста отырып, бір-біріңізбен байланыс жоқ. Осындай жауапсыздықтың кесірінен былтыр су тасқыны болды. Енді мұндай жағдай қайталанбасын. Маңызды жиынға дұрыс дайындалмай келгеніңіз үшін ескерту беремін. Хаттамаға кіргізіліп, күшіне енгізілсін, - деді аймақ басшысы.

Өңірде 2025 жылдың 15 қаңтарында көктемгі су тасқынына қарсы іс-шаралар жоспары бекітілген. Соған сәйкес 28 ақпанға дейін көпірлер, су арналары мен арықтарды тазарту жоспарланған. Облыс әкімі бұл шаралардың өз деңгейінде жүргізілмегенін сынға алып, жұмысты ширатуды тапсырды. Сондай-ақ аймақ басшысы Аягөз ауданы әкіміне су тасқынына дайындықтың жеткіліксіздігі, өзге де төмен көрсеткіштері үшін сөгіс жариялады.

Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Айнур Ақмырза облыс әкіміне өңірдегі гидротехникалық құрылыстар, су қоймаларының қазіргі

жай-күйі туралы айтты. Аймақ басшысы басқарма өкілінен: «Өзіңіз осы нысандарға барып, жағдайын тексердіңіз бе?» - деп сұрады. Облыс әкімі сұраққа жауап бере алмаған басқарма басшысына ауызша ескерту берді.

- Басқарма басшысы барып, жағдайды өз көзімен көруі қажет. Кабинетте отырып бас маманның берген анықтамасын оқымауы керек. Аталған су қоймалары маңында қанша қанша халық тұрады, қанша үй бар - соның барлығын мұқият зерттеу керек. Бұл – өңірдегі барлық басшыларға қатысты. Қазір қол қусырып, қарап отыратын уақыт емес. Халық бізден нақты іс, нақты шешім күтеді, - деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы орынбасары Димитрий Гариковқа өзіне қарасты саладағы кемшіліктерді түзеп, жұмысты күшейтуді тапсырды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе - өңірдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері туралы облыс әкіміне Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Роза Құдайбергенқызы баяндады. Көкпекті, Абай, Аягөз, Бородулиха аудандары мен Құрчатов қаласында инвестиция тартудың нақты көлем индексі бойынша өсім байқалмай отырғаны атап өтілді. Облыс әкімі ауыл шаруашылығы, құрылыс салалары бойынша инвестиция тарту жұмысын жандандыруды тапсырды.

Жиынды қорытындылаған облыс әкімі кеңейтілген аппараттық жиналыс аптасына бір рет өтіп, өңірдегі өзекті мәселелер талқыланытынын жеткізді.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫС АПТАСЫ

"ИНВЕСТИЦИЯ - ИГІЛІК КӨЗІ"

дейді Семейдегі кәсіпорындар жұмысымен танысқан Берік УӘЛИ



Әлібек КЕМЕЛХАН,
«Semei tanu»

Өңірдегі жеңіл өнеркәсіп саласында салмақты орны бар «АРАЙ-EAST FOOD» ЖШС - бүгінгі таңда халал стандартына сай келетін шұжық өнімдерін өндіруді жолға қойған кәсіпорын. Қазіргі таңда 80-нен астам қайнатылған және ысталған шұжық түрлерін шығарады. Зауыт аумағында инновациялық жабдықтары бар орау желісі және үш өндірістік цех жұмыс істейді.

Өткен жылы кәсіпорын базасында шұжық өнімдерін өндіру бойынша қосымша желі пайдалануға берілген болатын. Соның нәтижесінде жылына 1,8 мың тоннаға дейін дайын өнім шығаруға қол жеткізілді. Өнімдерге сұраныс жоғары. Бүгінде мұнда 120 адам тұрақты еңбек етеді. Кәсіпорын алдағы уақытта өндіріс көлемін кеңейтуді жоспарлап отыр.

Облыс әкімі бет бұрған келесі нысан «СемА3» ЖШС болды. Бұл - еліміздегі ауыл шаруашылығы және жұм техникасын құрастыратын бірегей өндіріс орны. Мұнда 400-ге жуық адам еңбек етеді. Кәсіпорында жылына 3500 «Беларусь» маркалы тракторлар, 10 000 Shacman және «FOTON» жүк көліктері, әр түрлі 1200 автобус құрастырылады. Былтыр қаладағы автобус паркі осы кәсіпорындан 60 қо-

ғамдық көлік сатып алған.

Облыс әкімі Берік Уәли Семейдегі тозығы жеткен автобус паркін толықтай жаңғырту үшін алдағы уақытта «СемА3» кәсіпорнынан жаңа автобустар сатып алынатынын жеткізді.

- Қала тұрғындары қоғамдық көлікке жиі шағымданады. Сондықтан бұл мәселені жедел әрі жүйелі түрде шешуіміз керек, - деді аймақ басшысы.

Облысымыз ғана емес, республикадағы іргелі өндіріс ошағы саналатын Семей цемент зауыты бүгінде жылына 1,1 миллион тонна цемент өндіруге қол жеткізіп отыр. Кәсіпорын 2016 жылдан бастап толық жаңғыртуға бет бұрды. Бұл орайда зауыттың өнімдері Қазақстан нарығында үлкен сұранысқа ие. Сонымен бірге шетелге де экспортталады.

Кәсіпорын жетекшілері облыс әкіміне соңғы уақыттарда жүзеге асырылған жобалар туралы баяндап, өндірісті кеңейтуге қатысты алдағы жоспарларын таныстырды.

Өз кезегінде аймақ басшысы жергілікті өндіріс орындарына мемлекет тарапынан тиісті қолдау болатынын айтып, кәсіпорын жетекшілерін бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында Семейді көркейтуге атсалысуға, қалаға инвестиция салуға шақырды. Жұмысшылардың жалақы мәселесіне де назар аударды.

Өткен жұма күні Абай облысының әкімі Берік Уәли Семей қаласындағы «АРАЙ-EAST FOOD» ЖШС, «СемА3» ЖШС, Семей цемент зауыты, «Семей инжиниринг» АҚ, Семей машина жасау зауыты сынды іргелі өндіріс орындарының жұмысымен танысты. Кәсіпорындардың қызметкерлерімен кездесіп, ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

- Бүгін мен жұмысымен танысқан кәсіпорындардың өңір үшін, тұрғындар үшін маңызы зор. Олардың өндірістік әлеуетін ұлғайту бағытында тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр. Оң бастамаларға, тың жобаларға облыс тарапынан қажетті көмек көрсетіледі. Алдағы уақытта, жұмыс кестеме сәйкес, өңірдегі басқа кәсіпорындарға баруды да жоспарлап отырмын, - деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы өткен жылы жаңғыртылған қаладағы ІТ және жаңа технологиялар жоғары колледжінің жұмысымен де танысты. Қазіргі таңда мұнда 750-ден аса студент еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие мамандықтар бойынша білім алуда.

Облыс әкіміне колледж студенттерінің ғылыми жұмыстары, жетістіктері мен ІТ жобалар таныстырылды.

- Мен бұл колледждің жұмысынан хабардармын. Студенттері халықаралық олимпиадаларда жүлдегер болып жүр. Өткен жылы облыс бюджетінен қаржы бөлініп, колледж толық жаңғыртылды. ІТ жобалардың әлеуеті зор. Жасанды интеллекттің дамыту маңызды. Бұған Мемлекет басшысы да, Үкімет те ерекше назар аударып отыр. Алдағы уақыттарда осы бағыттағы жұмысты жалғастыру керек, - деді Берік Уәли.

Сенбі күні Абай облысының әкімі Берік Уәли шаһардағы қоғамдық кеңістіктерді аралап, абаттандыру бағытында қолға алынатын жобалармен танысты. Өңір басшысымен бірге қала әкімі Талғат Мұратов, облыс әкімінің орынбасары Димитрий Гариков болды.



ДЕМАЛАТЫН ОРЫНДАР КӨБЕЙЕДІ

Әлібек КЕМЕЛХАН,
«Semei tanu»

Өңір басшысы алдымен Бейбітшілік аралына барды. Аралдағы этноауылда, «Өлімнен де күшті» монументі мен спорт аймағына аялдап, қазіргі жағдайымен танысты. Әкім өткен жылдың соңында ашылған балалар темір жолында да болды. Қазіргі күні темір жолда 32 орын болатын екі вагон қалалықтар мен қала қонақтарына тегін қызмет көрсетуде. Болашақта станциялар саны арттырылып, темір жол саласына қызығатын балаларға практикалық дәріс беру жоспарланып отыр. Ол үшін қаладағы электротехникалық колледждің ұстаздарына ұсыныс жасалмақ.

Вагондардың, тепловоз кабинасын көріп шыққан облыс әкімі балалар темір жолы аумағын абаттандыруға қатысты жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырмалар берді. Өңір басшысы бұл нысанның мүмкіндігін ұлғайту қажеттігін айтып, темір жол желісін ұзартуды тапсырды. Сондай-ақ арал аумағын сыңған, құлаған ағаштардан тазартып, жаңа көшеттер отырғызып, тәртіпке келтіруді міндеттеді.

- Бейбітшілік аралы - семейліктердің сүйікті демалыс орны. Қала қонақтары да жиі келеді. Сондықтан мұнда қысы-жазы жұмыс істейтін, кемі 50 метрлік шолу дөңгелегі салуымыз керек, - деді Берік Уәли.

Облыс әкімі бұл күні Мәңгілік Ел көшесіндегі Арбатта, дәрігерлер скверінде, сол жағалаудағы көпір астындағы қоғамдық кеңістік пен өткен жылы күрделі жөндеуден өткен Мұхтар Әуезов атындағы алаңда да болды.

Өңір басшысы қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру барысында қолайлылықты ғана емес, қауіпсіздік мәселесін де естен шығармау қажеттігін айтып, шаһар тұрғындары мен қонақтары жиі келетін Бейбітшілік аралында полиция және медицина бекеттерін орнатуды тапсырды.

- Өткен жылы қалада бірнеше жаңа саябақтар мен қоғамдық кеңістіктер ашылды. Бұл қалаға аздық етеді. Алдағы уақыттарда шаһардағы демалыс орындарын көбейтіміз керек. Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Семейді абаттандыруға, көгалдандыруға барынша көңіл бөлінетін болады. Биыл шаһарды көркейту бойынша көптеген жобалар жүзеге асырылады. Қазір онға жуық саябақты жаңғырту жобасын дайындап жатырмыз. Тұрғын үйлердің ауаларын да абаттандырамыз, жолдарды жөндеміз, көшелерді жарықтандырамыз. Үйлердің қасбеттерін жаңартамыз. Алдымызға осындай міндет қойып отырмыз, - деді облыс әкімі.

КӨПІР ҚҰРЫЛЫСЫН МЕРЗІМІНДЕ АЯҚТАУДЫ ТАПСЫРДЫ



Аталған нысанның құрылысына екі ауысымда 130-дан астам жұмысшы тартылған. Қазіргі таңда 9 тіреудің 5-уі орнатылып, көпір өткелінің металл конструкциялары құрастырылуда. Жыл соңына дейін көпірдің негізгі бөлігі құрастырылып, келесі жылы асфальт төселмек.

Қазіргі уақытта жобаның қымбаттауына байланысты қосымша қаржыландыру мәселесі қарастырылып жатыр.

Аймақ басшысы Берік Уәли Ертіс өзенінің үстінен салынып жатқан жаңа көпірдің құрылысымен де танысты. Жұмыс барысын бақылап, жауапты тұлғаларға тапсырмалар берді.

Облыс әкімі Берік Уәли бұл көпірдің қаламыз үшін стратегиялық маңызы аса зор екенін атап өтті. - Облыс мәртебесін алғаннан кейін Семей қаласында халықтың саны өсті. Шаһарда көлік көбейді. Тұрғындар бұл көпірдің тезірек пайдалануға берілгенін күтіп отыр. Сондықтан құрылысты сапалы жүргізіп, белгіленген мерзімде аяқтау керек, - деді өңір басшысы.

Абай облысы әкімдігінің баспасөз қызметі

МЕРЕЙТОЙ



Бұл тілші дегеніңіз қиын да қызықты қызмет. Яғни, билікке жақсаң, халыққа, халыққа жақсаң, билікке жақпайсың дегендей... Бірде сол кездегі қала басшысымен баспасөзге жазылу науқанына байланысты әжептәуір шексіз қалғанбыз. «Осы сіздер-ақ мойынағам мініп алып, екі екпеімден тепкілеуге бейім тұрасыздар», - дейді әлгі сабазың өз-өзінен шаптығып. «Ұлттық идеология әлі қалыптаспай жатқан мынадай қысталаң шақта Үкімет басылымына көмектесу - міндетің», - деп біз де қатты кеткенбіз. Ақыр соңында, сол аталған науқанға байланысты жазған сыни мақаламызда «кеудесі шалқақ, беті жалпақ, аяғы талтақ кей әкімдер біз өзіне бейнебір алашағымызды сұрай барғандай кергітінін қайтерсің» деп салғанбыз. Сонда өзінң бейнесін танып қойған әкімнің мені сотқа беремін деп қорқытпақ болғанын да, бірақ оған батылы жетпей күмілжіп тынғанын да, ақыр соңында, әкімшілік ғимаратында отырған мен пақырды журналистер бір жерде отырсын деген жөлеуден қаралық «Семей тану» газетінің жұмыс жайғасқан көршілес ғимаратқа жылжытып жібергені де бар.

Ойлап отырсам, екі мыңыншы жылдардың басында бүгінгі кейіпкерім Қайратпен сол шақта танысқан екенмін-ау! Жоғарыда алғашқы еңбек жолымды аталған газеттен бастағанымды айтып отырмын. Енді бақайлап қарасам, ол кездегі басылым мен бұл кездегі басылымның айырмасы жер мен көктей көрінді. Рас, бұрынғылардың да, қазіргілердің де илейтіні - бір терінін пұшпағы. Бірақ бұрынғы қарақұмды көзкерген әріптестерден ешкім қалмаған. Мұндағы құрамы шағындау қызметкерлердің бәрі дерлік қыз-келіншектер. Соған орай, артық сөйлемей, жинақы жүруге тырысып баққанбыз. Сол шақта осында еңбек етіп жатқан Қайрат бауыр арпа ішіндегі бір бидай іспетті көрінген. Жас жағынан біршама кіші болғанмен, өзі де, сөзі де келісті азаматпен тез тіл табысып кеткенбіз. Бұрын түрлі деңгейдегі айтқыс терінен байқап қалатынымын. Соған орай, сөзге жүйріктігі, әзіл сөзге ұсталығы бірден сезілген. Бірде оған: «Мен Абай, сен Ербол болсаң қайтеді?» -

ӘРІПТЕС ТУРАЛЫ ӘНГІМЕ

Тегінде, журналистер қауымы бірін-бірі іздеп, бауырына тартып жүретін бауырмал халық екендігі рас. Соған орай, «біз бір ел, бір ру, яғни журналистер руынанбыз» деп қоятынымыз да бар. Әншейінде журналистер қауымын төртінші билік иелері деп қоқитып қойғанмен, сол билік иелерінің жеме-жемге келгенде бізге тырнағын батырып алғысы келіп тұратыны да шындық. Ондайда мен республикалық басылымның жергілікті жердегі өкілі ретінде осындағы әріптестеріме мүмкіндігінше қамқорлық танытуға тырысып бағатынымын. Ал оның басты себебі сол, біз де алғашқы еңбек жолымызды тарихы тым тереңде жатқан, бастауында Мұхан, әйгілі Әуезов тұрған облыстық «Семей таңы» басылымынан бастағанбыз.

дегенмін әзілдеп. «Қолдан келсе...» - деп күледі ол. Жұмыс аяғында сыр шертісіп, ара-тура шөл басатын да едік. Оның қырыққа толғанын оңаша бір кафеге барып, екеуден-екеу отырып атап өткеніміз де есте қалып қойыпты.

Міне, содан бері де бақандай жиырма жыл өте шығыпты. Сол жиырма жылдың жаңалығы, иншалла дейік, баршылық. Қайраттың алғашқы жыр жинағы «Нартолқынның» тұсаукесерінде болғанымыз да есімде. Сондай қуанышты сәттердің бірінде оны Семейге келе қалған досым, кейінгі заманыңжы жырғауы атанған Нәсіпбек Айтұлымен таныстырғанмын. Ал одан кейінгі жерде ол тағы бір іні жолдасымыз, белгілі жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбаймен езі танысып, жақсы араласып кеткен. Тұрсын Жұртбай демекші, онымен танысуы да қызық, Қайраттың өзі айтып берген. 2012 жылдары еліміздегі әдеби басылымы «Қазақ әдебиеті» газетіне Қайраттың «Ақжал мен көжал» деген поэмасы жарияланады. Поэманың сюжеті мен автордың ақындық қуатын ұнатып қалған Түкең сол әсермен бірден Қайратқа қоңырау шалған. Телефонның арғы жағындағы дауыс: «Ақжал мен көжалдың» авторы сенсің бе, мен Тұрсын Жұртбаймын, поэман ұнады, тартпаң мен тағының тайталасын жақсы суреттепсің, жарайсың! Бар айтарым осы», - деп қоңырауды үзе салған. Өң мен түстің арасындай қып кешкен Қайрат аңырып қала берген. Өрине, Түкеңнің әлгі қоңырауына Қайраттың поэмасы «Қазақ әдебиетіне» жарияланғаннан бетер қуанғаны рас. Кейін ағасына жолығудың да сәті түсіп, сөлем берген сәтте бірден танып маңдайынан иіскеп, бауырына басқан. Бұл енді әдебиет кеңістігіне имене қадам жасап жүрген адам үшін үлкен олжа. Аға буынынан алған бата деп қабылдады. Аталған поэманың «Қазақ әдебиетіне» жариялануы айтулы әкіел Қажытай Ілиясовтың тамбандылық танытқан тікелей еңбегі мен ағалық қамқорлығы екенін де орайы келіп тұрғанда айта кеткен абзал. Солайша, ол әдебиетке, қаламгерлер ортасына бір табан жақындай түскен. Мұның сыртында қаламы жүйрік журналист атанып, 2006 жылы облыс әкімінің сыйлығымен марапатталып үлгерген. Бір сөзбен айтқанда, «Семей таңындай» байырғы басылымда алты-жеті жыл қызмет өткен уақыт ақын-журналист Қайрат Сабырбай үшін рухани тұр-

ғыдан өсіп, ширай түсуге себепші болды десек, артық айтқандық емес.

Соның айқын айғағындай, ол енді «Ертіс өңірі» деп аталатын аймақтық газеттің тізгінін қолына алып, білікті редактор ретінде танылған. «Газеттің өзі бір күндік, сөзі мың күндік» деген нақыл сөз бар. Мұнда ол бес жыл бойы бас редакторлық қызметті абыйролы алып жүрді. Сол шақтағы газет тігінділерін парактайтын болсақ, жоғарыда нақыл сөздің бекер айтылмағанын аңғарасыз. Енді ол облыс әкімінің, салалық министрліктің марапаттарын, республикалық байқаудың «Үздік басылым» номинациясының жеңімпазы атағын білдей бір басылымның басшысы ретінде иеленген.

Осылайша баспасөз саласында пісіп-жетілген Қайратымыз 2012 жылы Семей қаласы әкімінің баспасөз хатшысы болып шыға келген. Бұл кезде қала әкімі әдебиет пен мәдениеттен, тарихтан хабары мол ұлтжанды азамат Айбек Кәрімов болатын. Оның таңдауы Қайратқа түскенде риза болып қалғанбыз. Бұл шақта мен зейнетке шығып, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде болашақ журналистерге дәріс оқып жүрген едім. Сол зейнеткер журналисті ұмытпай, түрлі шараларда оқ тізесі жанынан орын беріп құрметтеп жататын Айбек бауырдың есімін бүгінгі күні мен де құрметпен атап жатсам, ең артықтығы жоқ деп білемін. Ал Қайратқа келетін болсақ, сол тұста ол әкім мен қаламгерлер арасында дөңкер бола білгендігін және өз көзімізбен көргенбіз. «Елдіестіркем - елшіден» деген сөз осы орайда айтылған болса керек.

Жалпы, менің қырық жыл өмірім Семейде өткен екен. Соның ширек ғасырын республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің Семей өңірі бойынша тілшісі ретінде өткізіппін. Десе де, сол жылдарда жергілікті әріптестерден іргемді аулақ салмаған секілдімін. Тіпті оны айтсаңыз, Мұратбек, Қайрат, Сайлау сынды өзимнен кемі бір мұшел жас азаматтармен қатар жүргенімді іштей мақтан тұтатынымын да. Бірде осы жігіттердің аралас-құралас шенді екі азаматпен, полковник достарымен дастарқандас болып қалғаным бар. Сонда солардың бірі бой жағынан ұятты мені көзге ілгісі келмей көргенде, сол әріптестер ішінен Сайлау Төлеуов «Сендер құқық саласының полковнигі болсаңдар, бұл ағамыз жур-

налистиканың полковнигі, сондықтан байқаңдар» деген мағынада сыни сөз айтып қалған. «Беріктіңің намысы бір» деген. Оның сыртында, жоғарыда әзілдеп айтсақ та, біз бір елденбіз ғой.

Жігіттер солай дегенмен, «Өр нәрсенің өз жөні бар» демекші, иә, мен журналистиканың полковнигімін деп айта алмаймын. Өзім пір тұтатын қадірлі Бәуекен, Бауыржан Момышұлы, өзіне біз сізді генерал деп білеміз дегендерге: «Әдебиеттің генералы - Әуезов, ал мен өмірде де, әдебиетте де полковникпін», - деген екен. Ал біз пақырыңыз әдебиетте қатардағы сарбаз, журналистикада да, өмірде де капитан дәрежесінде болармыз тегінде. Міне, сол бір оқиғаны еске ала отырып, ағайындай болып кеткен сол бауырларымды сағынамын.

Иә, отбасы жағдайымен менің елден оңтүстік астанаға көшіп кеткеніме, міне, он жылдан асып барады. Соған қарамастан, қашанда ел жаққа қарап елендеп отырамын. Елге айына болмаса да екі айда бір барып келмесем, бойыма ас батпайды десем де болады. Оның үстіне интернет деген шіркін бір қолғанатың секілді ел жаңалықтарын сол сәтінде жеткізіп жатады. Солардан облыс орталығындағы негізгі әдеби-мәдени шаралар облыстық Абай кітапханасы мен облыстық тарихи-өлкетану музейінде өтіп жататынын көріп яки естіп қалып жатамын. Ал Қайрат бауырдың тарихи-өлкетану музейінің тізгінін қолға алғанына алты-жеті жыл болып қалған шығар. Бұл өзі бастауында хакім Абай тұрған шежірелі мәдениет ордасы ғой. Ал кешегі әріптесің сондай тарихи тереңде жатқан руханият мекемесін шырық үйіріп басқарып отырғанына қайтып сүйсінбессің! Оның бірден-бір көрінісі соңғы 5 жылда облыс өңірінде осы музейдің 3 бірдей филиалы ашылды. Тарихи-мәдени мұраны сақтау мен насихаттауда республикалық, халықаралық көрмелерден облысымыздың музейі де қалыс қалмай келе жатқанын интернеттен көріп отырамыз. Интернет демекші, өлкетану музейінің әлеуметтік желідегі парақшалары өңірдің тарихы мен мәдениетіне қатысты іс-шараларға тұнып тұр. Содан да бопар, фейсбуктегі «Семей өлкетану музейі» аккаунтының жазылым саны 13 000-ға тақап қалған. Ютуб каналындағы бейнедеректер өз алдына жеке шоғырланған. Әлеуметтік желімен жұмыс жүргізе білу бүгінгі уақыт талабына айналған жұмыс жүргізіп тұсінген музей ұжымы бұл бағытты да жақсы меңгергені байқалады. Соның бір мысалы – пандемия кезінде музейдің онлайн қызметі қарқынды дәрежеде жалғасты.

Семейдің тарихи-өлкетану музейі еліміздегі ең көне музейлердің бірі екені рас. Тарихы 142 жылға кетті. 2023 жылы музейдің 140 жылдық мерейтойына орай «Семей-Ертіс өңірінің археологиясы мен этнографиясы және музей ісі» тақырыбында халықаралық конференция өткізіп, айтулы археолог-тарихшылардың басын қосты. Өңірдің арғы-бергі тарихы жайлы баяндамалар мен музей шежіресі бір-бір кітап болып жарыққа шықты. Сонымен бірге, аталған музейдің бүгінде жер-жерде филиалдары ашылып, өрісі кеңейіп түсіп келе жатса, бұл дегеніңіз рухани байлық қой. Және оны бүкіл байтақ көлемінде Алаштың астанасы атанып келе жатқан қағи-даны бекіте түсетін игілікті іс деп білемін.

Алпысың – тал түсің құтты болсын, бауырым! **Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ, журналист-жазушы**

БЕСҚАРАҒАЙ



Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИ,
«Semei tanu»

Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде биыл өңірімізде 26 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр, осылайша барлық елді мекендер таза ауыз сумен 100 пайыз қамтамасыз етілмек.

Бесқарағай ауданы әкімінің баспасөз қызметінің мәліметіне сүйенсек, бүгінде аудандағы 28 елді мекеннің 24-і, немесе 86 пайызы, орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген. Өткен жылы ауданның даму бюджеті ая-

АУЫЛДАРДЫҢ 86 ПАЙЫЗЫ ТАЗА СУМЕН ҚАМТЫЛҒАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылдың соңына дейін ел тұрғындарын 100 пайыз таза ауыз сумен қамтуды тапсырғаны белгілі. Президенттің осы тапсырмасы аясында өткен жылы облысымызда жалпы ұзындығы 467 шақырым болатын 18 сумен жабдықтау нысаны салынды. Бұл 14 691 адамды сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

сында төрт жоба қолға алынып, жұмыстардың басым бөлігі аяқталған.

Ерназар, Жетіжар, Бөдене ауылдарында су құбыры желілері мен су тарту имараттарының құрылысы жүргізілді. Сонымен қатар Бесқарағай ауылында сумен жабдықтаудың екінші кезеңі де аяқталды. Сала мамандарының айтуларына, барлық мердігер мекемелер кестеге сәйкес жұмыс істеп жатыр. 2023-2024 жылдарға жоспарланған жобалар толығымен аяқталған.

Бұған қоса, ауданның бірнеше ауылында ауыз су мәселесін шешу үшін жаңа жобалар әзірленуде. Нақтырақ айтсақ, Канонерка,

Малая-Владимировка, Кривинка, Башкөл, Бозтал ауылдарында су құбыры желілерін жаңғырту жұмыстары жүргізілмек. Сондай-ақ Морозов орман шаруашылығы, Жыланды және Белокаменка ауылдарында су құбыры желілерінің құрылысына жобалық-сметалық құжаттама әзірленді.

Байқағанымыздай, Бесқарағай ауданында таза ауыз сумен қамту жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр.

Су адамның табиғи қажеттілігін қанағаттандырып қана қоймай, денсаулығына да әсер етеді. Халықтың әлеуметтік жағдайы да тікелей таза ауыз суға байланысты.

МЕКТЕП АСХАНАСЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Бесқарағай ауданының әкімі Нұрбек Қошқарбаев жұмыс сапарымен Малая-Владимировка ауылына барып, бірқатар әлеуметтік нысандардың жай-күйімен танысты.

Сапар барысында аудан басшысы алдымен ауылдағы мектепке бас сұқты. Әкім мектеп асханасының тазалығын, санитарлық талаптарға сәйкестігін, ыстық тамақтың ұйымдастырылуын, оқушыларға ұсынылатын өнімнің сапасын тексерді. Келешек ұрпақтың денінің сау, өмір жасының ұзақ болуы тамақтың сапасына байланысты екенін атап өткен аудан басшысы асхананың жабдықталуына, тағам үлгілерінің бірыңғай тамақтану стандарттарына сәйкестігіне ерекше назар аударып, балалардың дұрыс тамақтануын қамтамасыз етуді тапсырды.

Нұрбек Қошқарбаев мектеп жанындағы шағын орталықтың жұмысымен де танысты. Бүгінде бұл орталықта 15 бала мектепке дейінгі білім алууда. Аудан әкімі орталық мамандарымен сөйлесіп, балаларға қоллайы жағдай жасау туралы ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Сапар барысында аудан әкімі сондай-ақ ауылдағы



көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындық барысымен танысты. Ауылда су өткелдері, арықтар қоқыстан тазартылып, көшелерден қар уақтылы шығарылуда. Әкім

су басу қаупінің алдын алу үшін дайындықты күшейтуді міндеттеп, жауапты мамандарға бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Өз тілшіміз

ҰРЖАР

Ұржар ауданында биыл қар жылдағы мөлшерден көп түсті. Аудан орталығы мен ауылдық округтерде қар тазалау жұмыстары қыс бойы үздіксіз жүргізіліп, уақтылы шығарылып отырды. Әйтсе де соңғы тәуліктерде күннің күрт жылынуы ұржарлықтарды алаңдатып отыр.

ТАСҚЫНҒА ҚАРСЫ ШАРАЛАР ЖАЛҒАСУДА



Қуаныш ЖОЛЫМБЕТ,
«Semei tanu»

Ұржар – көктемгі мезгілде су басу қаупі жиі төнетін, жер рельефі аса күрделі аймаққа жатады. Өзендер мен ауыл ішінен өтетін жылғалар, су қоймалары да көп болғандықтан, тосыннан келетін қауіпке қашанда дайын болу қажет.

Өңірдегі су тасқыны кезеңіне дайындық барысы Ұржар ауданы әкімі Ақылбек Башимбаевтың қатаң бақылауында тұр. Өткен аптаның соңында өңір басшысы аудан орталығын аралап, әлеуметтік маңызы бар нысандар аумағының қардан тазартылуын, жол жиектерін кеңейту жұмыстарын, көше қиылыстарындағы арықтардың тазартылуын көріп шықты.

Қазіргі таңда аудандағы барлық елді мекендерде ықтимал су тасқынының алдын алу шаралары қарқынды жүргізіліп жатыр. Қар шығару жұмыстарына коммуналдық қызмет жұмысшылары ғана емес, мекемелер қызметкерлері, еріктілер тартылған.

Аудан басшысы Ұржар ауылдық округі әкімдігіне және жауапты мекемелердің басшыларына су басу қаупінің алдын алуға қатысты бірқатар тапсырмалар беріп, жұмыстарды жандандыруды міндеттеді.

- Елді мекендерді су басу қаупінің алдын алуға қардың уақтылы шығарылуы, көшелердегі арықтардың тазартылуы маңызды. Биыл көктемгі су тасқынының алдын алу жұмыстарын жылдағыдан ертерек бастадық. Биыл қар шамадан тыс көп түсті, осыған байланысты ауылымыздағы қызыл су жиналуы ықтимал ау-

мақтар, су өтетін арықтар мен арналар қардан тазартылып жатыр. Бұл жұмыстарға барлық күш-жігерімізді жұмылдырудамыз, - дейді Таскескен ауылының әкімі Айдын Қожаев.

«Жаман айтпай, жақсы жоқ» деген. Аудандағы ең ірі саналатын Науалы ауылдық округі бойынша да барлық суарлар тазартылып, тасқын суға қарсы қолдану үшін құм толтырылған қаптар дайындалуда.

Ауданға қарасты Бестерек ауылдық округінде де су басудың алдын алу жұмыстары қазіргі уақытта қызып тұр. Ауылдық округтегі су өткізу құбырлары тексеріліп, арықтар мен дренаждық жүйелер қар мен былтырғы жылғы қоқыстардан тазартылуда. Сондай-ақ елді мекендерді су тасқынынан қорғауға бағытталған іс-шаралар қабылданып, жергілікті халыққа аула аумақтарын, үй іргесіндегі арықтарды қоқыстан тазарту туралы ескерту жасалуда. Бұл іс-шаралар бірінші кезекте көктемгі кезеңде су деңгейінің күрт көтерілуінен туындайтын қауіп-қатерді төмендетуге бағытталып отыр.

Ұржар ауданындағы Егінсу, Қарақол су қоймаларының жай-күйі де назарға алынған. Бұл ретте төтенше жағдайлар бөлімі жергілікті атқарушы билікпен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп жатыр. Азаматтық қорғаныс саласы да күшейтілген режимге көшірілді. Рас, дәл қазір қызылсудан төніп тұрған қауіп жоқ, десек те қатер аяқ астынан екенін ескерген орынды. Бұл орайда тасқынға қарсы жүргізіліп жатқан жұмыстардың барлығы аудан басшысы Ақылбек Башимбаевтың назарында тұр.

ЖАҢАСЕМЕЙ

6 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Жаңасемей ауданына қарасты Шақаман ауылында тұрғын үй кезегінде тұрған 6 отбасы баспаналы болды.

Халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы және көп балалы отбасыларға арналып салынған пәтерлердің кілттерін аудан әкімі Алмас Тастенбеков табыс етті. Аудан басшысы жаңа пәтер иелерін қоныс тойларымен құттықтап, алдағы уақытта тұрғын үймен қамту жұмыстары жалғасатынын айтты.

- Халықты баспанамен қамту - мемлекет үшін қашанда басым бағыттың бірі. Аудан көлемінде тұрғын үймен қамту жұмыстары жүйелі түрде жалғасатын болады. Ауылдарды дамыту, тұрғындардың тұрмысын жақсарту мақсатында бұл мәселеге кеңінен көңіл бөліп отырмыз, - деді аудан әкімі.

Жаңасемей ауданында 2023-2029 жылдарға арналған инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы аясында бірқатар жобалар жүзеге асырылуда. Бүгінде Мұқыр, Бөкенші ауылдарында және Шаған кентінде екі пәтерлі тұрғын үйлердің құрылысы жүргізіліп жатыр.

«СТ»-ақпарат

АБАЙ

ЖАЗУШЫ МҰРАСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Биыл көрнекті халық жазушысы, абайтанушы-мұхтартанушы, майдангер ұстаз Кәмен Оразалиннің туғанына 105 жыл толады. Осыған орай, жуырда аудандағы Абай атындағы мектептің орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші М.Алдажарова өзі жетекшілік ететін 9-сынып оқушыларымен бірге Кәмен Оразалиннің музей-үйіне келді. Оқушылар музей меңгерушісі, жазушының ұлы Ералы Оразалымен “Кәмен мұрасы - халық мұрасы” тақырыбында сұхбат жүргізді.



Сұхбат жазушы Кәмен Оразалиннің өмірі мен шығармашылығы және қаламгердің ғылыми-зерттеу еңбектерінің арасында ең негізгі саналатын “Абайдан соң” роман-тетралогиясы хақында өрбиді.

Шығармада ұлы ақын өмір сүрген орта, сол кездегі қоғамдық жағ-

дай, Абай мұрасының ел ортасында қалай қанат жая бастағаны, шығарма желісінің басты кейіпкері саналатын Мұхтардың балалық шағы, дүниетанымының қалыптасуы, жігіт ағасы болған шақтағы кемелдену кезеңі сөз болатын кең тынысты көркем шығарма Мұхтар көзімен баян етілетінін

БОРОДУЛИХА

Аудан басшысы Айдар Ибраевтың төрағалығымен кеңейтілген аппараттық кеңес отырысы өтті. Жиында инвестиция тарту, су тасқыны кезеңіне дайындық және көктемгі мерекелерді ұйымдастыру мәселелері қаралды.

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ



Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИ,
«Semei tanu»

Кеңес отырысында алдымен ағымдағы жылдың қаңтар-ақпан айларында Андреевка, Бородулиха, Подборный ауылдық округтері бойынша негізгі капиталға инвестициялар тарту көрсеткіштерін орындау мәселесі қаралды. Аталған мәселе бойынша ауылдық округтердің әкімдері есеп берді.

- Андреевка ауылдық округіндегі ақпан - наурыз айларына жоспарлы инвестиция көлемі 350 млн теңгені құрайды. Ақпан айында 69 млн 643 мың теңге тартылды. Қыс кезеңінде ауыл шаруашылығы техникасы мен техника бөлшектерін сатып алуға сұраныстың болмауына байланысты белгіленген жоспар орындалмай отыр. Дегенмен инвестиция тарту бойынша жұмыстар жалғасады, - деп атап өтті Андреевка ауылдық округінің әкімі Бербол Төкенұлы.

Келесі - көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындық барысымен жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі бас инспектор Тимур Қожағұл таныстырды. Бас инспектордың айтуынша, қазіргі таңда су өтетін арналар, арықтар және жол жиектеріндегі дренаждық жүйелер тазартылып, қар шығару жұмыстары жүргізіліп жатыр. 19 ақпанға дейін 10 мың текше метр қар шығарылыпты. Су айдындарының жай-күйіне мониторинг жүргізіліп, бөгеттерді нығайту үшін инертті материалдар қоры дайындалып жатыр.

- Көктемгі су тасқынына шұғыл әрекет етуге арналған күштер мен құралдар әзірленді. Аудан аумағында 127 адамнан тұратын жеке құрам және 25 бірлік техника бар. Су тасқыны кезеңіне 10 мотопомпа дайын тұр. Сонымен қатар №12 өрт сөндіру бөлімінің көліктері бар. Аудан аумағында су тасқынына қарсы іс-шаралар жалғасуда, - деді Тимур Қожағұл.

Су басу қаупі төнген жағдайда тұрғындарды эвакуациялау үшін 6 уақытша орналастыру бекеті дайындалған.

Жиын соңында мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі басшысының міндетін атқарушы Асхат Солтанғазин Халықаралық әйелдер күні мен Наурызды мерекелеуге арналған іс-шаралар жоспарын таныстырды.

Аудан әкімі Айдар Ибраев жоспарланған іс-шаралардың толық әрі жоғары деңгейде жүзеге асырылуы қажет екенін атап өтіп, ауылдық округ әкімдеріне инвестор тарту жұмыстарын күшейтуді, су тасқыны жағдайын бақылауда ұстауды және мерекелерді лайықты ұйымдастыруды тапсырды.



Елдар Оразалы оқушыларға әсерлі әңгімелеп жеткізді.

Сұхбат барысында музей меңгерушісі оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, төрт томдық «Абай жолы» романының жазылу тарихын, 1943 жылы туған еліне келген ұстазы Мұхтар Әуезовті әкесінің алғаш көріу, жазушымен рухани байланысы, дүниеден өтерінен қырық сағат бұрын Мұхтардың шәкіртіне жазған “Соңғы хаты” жайында да кеңінен әңгімелеп, оқушыларға танымдық-тағылымдық мәні зор сұхбат берді.

Іс-шара соңында музей меңгерушісі Елдар Кәменұлы жазушы мұрасын өздерінің зерттеу жұмыстарына арқау еткен оқушыларға “Кәмен мұрасы - халық мұрасы” тақырыбында сұхбат алуға арнайы келгендері үшін ризашылығын білдіріп, жас ұрпақты әдебиетке баулып жүрген білікті ұстаз, орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі М.Алдажароваға алғыс хат табыстады.

Іс-шара соңында оқушылар естелік суретке түсті.

Абай аудандық әкімдігінің баспасөз қызметі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

ӨТКЕН ЖЫЛ НӘТИЖЕЛІ БОЛДЫ



Еліміздегі мемлекеттік қызмет жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсер етеді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаменті - мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және мемлекеттік қызметтегі бақылау салаларында маңызды функциялар атқаратын орган. Өткен жылы Департамент тарапынан мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, кадрлық әлеуетті нығайту және халыққа көрсетілетін қызметтердің тиімділігін арттыру мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Бүгінгі күні облыста жалпы саны 3810 мемлекеттік қызметші бар. Өткен жылмен салыстырғанда мемлекеттік қызметшілердің жалпы саны 299 адамға көбейді. Қызметкерлердің 89 пайызы

жоғары білімді. 42 мемлекеттік қызметкер шетелдік оқу орындарын тамамдаған. Орташа еңбек өтілі 9,8 жылды құрайды. Қызметкерлердің орташа жасы 43 жас.

Мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыру, білікті кадрларды тарту бағытында да жұмыстар жүргізілуде. Өңірлік кадр резервінен төрт маман жоғары лауазымға тағайындалды. «Дипломмен - ауылға» бағдарламасы аясында алты мемлекеттік қызметшіге көтерме жәрдемақы берілді. Конкурстан тыс, тікелей тағайындалған түлектердің саны 16-ға жетті. Бос лауазымдар саны 10,2%-ға дейін төмендеді. Сонымен қатар 2783 бос лауазымға конкурстар жарияланып, оның 40 пайызы бос лауазымдарға орналасты. Қызметкерлерді оқыту мақсатында 859 мемлекеттік қызметкер біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарынан

өтті. Бұл шаралар мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруға, қызмет көрсету деңгейін жақсартуға бағытталды.

Департамент мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманың сақталуын қатаң бақылайды. Бұл ретте 64 тексеру жүргізілді. Нәтижесінде бірқатар заң бұзушылықтар анықталып, барлығы жойылды. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің құқықтары қалпына келтіріліп, заңсыз берілген сыйақылар бюджетке қайтарылды.

Департамент өз қызметінде мемлекеттік тәртіпті нығайту және әдеп бұзушылықтарының алдын алу мәселелеріне ерекше назар аударады. Бұл бағытта Өңір жөніндегі кеңестерге ерекше рөл берілген. Өңір жөніндегі кеңестің отырыстарында мемлекеттік қызметшілер арасында әдеп нормаларын сақтаудың маңыздылығы үнемі түсіндіріліп отырды.

2024 жылы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау мен бюрократияны азайтуға бағытталған маңызды қадамдар жасалды. 55 тексеру жүргізіліп, бұзушылықтар анықталды. Сонымен қатар мемлекеттік қызметтер көрсетудің мерзімі мен тәртібі бұзылулары үшін лауазымды тұлғаларға айыппұл салынды. Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар да қолға алынып, 23 жаңа ұсыныс енгізілді.

Биыл департамент бірнеше маңызды реформаларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Департамент облыс аумағында Президенттік жастар кадрлық резервіне кезекті іріктеу жүргізеді, сонымен қатар мемлекеттік қызметке іріктеудің тәртібі толықтай жаңа форматқа көшетін болады. Сондай-ақ жергілікті мемлекеттік органдардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдарында 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін кезек-кезеңімен «Бірыңғай кадр жүйесі» енгізіледі. Бұл жүйе персоналды таңдау процесін автоматтандырып қана қоймай, меритократия қағидатын және азаматтардың мемлекеттік қызметке орналасудағы бірдей мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге жәрдемдеседі.

Қорытындылай айтсақ, өткен жыл департамент үшін нәтижелі болды. Биыл мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жетілдіру және бюрократияны азайтуға бағытталған жұмыстар жалғасын табатын болады. Әрине, алдағы уақытта да өзара тиімді және сапалы қызмет көрсету үшін барлық тараптардың бірлескен жұмысы өте маңызды болмақ.

Нұрлан ДӘУЛЕТҚАЛИЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаментінің басшысы



Әр заманның талабы бар, мақсаты мен арманы басқа. Сондықтан әр кезеңде әр қоғамға сай әрекет жасау керек. Әрине, отбасылық тәрбиенің орны бөлек болып қала береді.

БАЛАНЫ ЗАМАНЫҢА ҚАРАЙ ТӘРБИЕЛЕҢІЗ

Дегенмен... Әлеуметтанушы ғалымдардың айтуынша, болашақта жұмыс күшінің 20 пайызға жуық түрі жойылады және сонша пайызда жаңа жұмыс көздері пайда болады. 2030 жылы жер бетінде кем дегенде 375 миллион жұмыс орындары босап қалады. Енді ойлана беріңіз, балаңызды дайындаңыз.

Балаға бәрін жаттап алу керектігін үйретуді қойыңыз
10 жыл ішінде білім алған баланың санасында оқыған білімінің 1 гб жуығы ғана сақталады. Мәселен, 150 беттік кітап, 2400-2500 символмен есептеген кезде әр қайсысы 0,35 мб салмақ қосады. Дәл осындай кітаптан бала онын оқысын. Оның кем дегенде есінде қалған ақпарат 40-ақ мегабайт. Бұл тек қана мысал. Ал негізінде баланың білімі керек ақпарат терабайтқа жетуі мүмкін. Сондықтан болашақта баланың алғыр әрі жақсы маман болсын десеңіз, қазірден миына керек емес ақпараттарды сіндіре бермеңіз. Керексіз ақпарат баланың ертең өзіне әсерін тигізбей.

Еркіндік беріңіз

Егер бала есепті шығара алмаса, оны «шығар» деп қинаудың қажеті жоқ. Кез келген адам өзінің беліне байланған шоқпарды ғана көтере алады. Сондықтан жоқтан бар жасауға асығып, баланыңды болашағына балта шауып алмаңыз. Ал егер есепті шығарып отырып, шаршаған болса, демалсын. Демалуға рұқсат беріңіз. Қинай берудің қажеті жоқ. Ол өзі сүйіп оқытын пәнін жең көріп кетпес үшін немесе есепке деген көңілін суытып алмас үшін оның қалауы бойынша әрекет жасаңыз. Қазіргі балалар сізден ақылды. Олар өздеріне не керек, ненің керек еместігін жақсы біледі.

Мүмкіндігін шектемеңіз

Баланыңды арманы және мақсаты бар. Ол өзіне келіп тұрған, сүйіп тұрған ісінің мүмкіндігін көріп тұр. Осы кезде оған кедергі болмаңыз. Себебі ол мүмкіндік бала үшін өте маңызды болуы мүмкін. Сондықтан топ дүлдүлмен таласамын деп додаға аттанып жатса, «бар» деп батаңызды беріңіз немесе сәл де болса қолдау көрсетіп, келіп тұрған мүмкіндікті ұстап қалуға асығыңыз.

ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

Денсаулықты сақтауға және жақсы көңіл-күйде болуға көмектесетін кеңестер.



Күніне 1 жеміс жеу

Күз-қыс мерзімінде иммунды жүйеге ауыр күш түседі. Иммунитеттің аурулардан қорғану мүмкіндігі қандай тамақ жегеніңізге тікелей қатысты. Дәрігерлер күніне кез келген бір жеміс - алма, цитрусты жемістер, құрма, киви және банан жеуді ұсынады, бұл аурудың алдын алуға көмектеседі.

Жалбыз салынған шай ішу

Жалбыз тыныштандыратын құрал ретінде танымал: ол күйзеліспен күреседі және ұйқы сапасына жағымды әсер етеді. Оны қолданудың жиі тараған әдісі - жалбыз қосылған шай ішу. Жалбыз қосылған шай жүйке жүйесін тыныштандырады, жылдам көңіл-күйді көтереді, күш беріп, шаршағанды басады және қатты уайымдасаңыз, тыныштандырады. Оған қоса, жалбыз шайының хош иісі мен жақсы дәмі бар.

Тамақ рационына лимон қосу

Лимон – С дәруменінің көзі. Сонымен қатар лимон метаболизмді жылдамдатып, артық салмақтан арылуға көмектеседі. Әдетте, лимон суын таңертең және кешке аш қарынға ішеді, коктейлдер мен шайларға қосады. Оған қоса, цитрус антиоксидант болып табылатындықтан, ол денсаулықты нығайтады. Рационыңызға айтарлықтай өзгеріс енгізудің қажеті жоқ. Ең оңай әдіс - таңертең аш қарынға лимон мен бал қосылған жылы су ішу. Қалауыңызға қарай, зімбір қосуға болады. Мұндай су жылдам оянуға және метаболизм процесін іске қосуға көмектеседі.

Күнде кешке айран ішу

Сүт немесе айран – бағалы дәрумендер мен микроэлементтерге толы қоректі өнімдер. Олар ағзаға жағымды әсер береді. Күніне бір стақан айран ішеніз, ағзаңызға 25 пайыз Д дәрумені және кальцийдің тауліктік нормасының 30 пайызы түседі. Соның арқасында сүйектер қатай түседі. Бұл әсіресе балаларға пайдалы: олар тез өсетіндіктен сүйек тіні жылдам жаңарады, сондықтан көбірек кальций керек. Сондай-ақ сүт өнімдерін егде жастағы адамдар күнде ішу керек. Себебі сүт өнімдері сүйек өзгерісі дамуын тоқтатады.

Күнде су ішу

Ағзаға судың жетіспеуі бас ауруы, тез шаршау, әлсіздік, күйзеліс және ұйқы бұзылуына әкеледі. Сонымен қоса барлық ішкі органдардың жұмысы бұзылады және қан тамырларға күш түседі. Күнде қажетті мөлшерде су ішу инфаркт қаупін азайтуға ықпал етеді. Су артық салмақпен күресуге де көмектеседі. Ересек адамға күніне 2 литр су ішу ұсынылады. Ал бала 1 литрден аз емес су ішуі керек.

Материалдар ғаламтор беттерінен алынды

«Semei tanu» газеті редакциясының ұжымы Бесқарағай, Алтай, Үржар аудандарының әкімі қызметтерін атқарған абыройлы азамат, газетіміздің досы Нұржан Токсейітовке әкесі

Төлеухан ТОКСЕЙІТОВТІҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Nordgold ЕК» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың атауы: «Абай облысындағы Орталық Мұқыр кен орнында сыйымдылығы 500 мың тонна үйінді сілтілеу әдісімен тотыққан алтын рудаларын өңдеу бойынша алтын алу зауытының құрылысы» жұмыс жобасы бойынша ықтимал әсерлер туралы есеп.

Әсер ету аумағы: Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Көкентау а. о. Координаттары: 1. 50° 13' 11", 79° 52' 46" (50.219722°, 79.879444°); 2. 50° 12' 34", 79° 53' 14" (50.209444°, 79.887222°); 3. 50° 12' 20", 79° 52' 26" (50.205556°, 79.873889°); 4. 50° 13' 5", 79° 51' 57" (50.218056°, 79.865833°).

Қоғамдық тыңдаулар 02.04.2025 жылы сағат 10:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Көкентау а. о., Көкентау а., Н.Майтқанов к-сі, 27, әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша өтеді. Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта өтеді (ашық жиналыс және ZOOM платформасында бейнеконференция). Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/75142373363?pwd=YACbKaHbQXh1BKlWg19lXCdvlbg1W.1>.

Идентификатор: 751 4237 3363. Код: 49NGnD.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ecportal.kz/>, сондай-ақ «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында e-prigoda.gov.kz, «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады: тел: 8 (7222) 35-44-32. Электрондық мекенжайы: prigodnyu-resursy-obl.abay@mail.ru.

Ұсынылған қызметтің бастамашысы: «Nordgold ЕК» ЖШС Астана қ., Мәңгілік Ел көш. 23 үй. 5/1. тел: 8-707-5551335, E-mail: bayalinovayan@gmail.com, БСН: 190940021636.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «LegalEcologyConcept» ЖШС, Өскемен қ., 070002, М.Горький к-сі, 21, БСН: 211040029201, Тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел: +7 (777) 414-90-10.



ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЕНГІЗІЛДІ

«БЖЗК» АҚ (бұдан әрі – БЖЗК, Қор) өз салымшылары үшін жаңа цифрлық қызметтерді ұсынуын жалғастыруда. Жыл басынан бері әрбір салымшы мен алушының жинақтау тарихындағы негізгі оқиғалар туралы ақпарат беретін Push-хабарламалардың жаңа цифрлық қызметі сәтті іске асырылды. Қазіргі уақытта бұрын іске асырылған зейнетақы жарнасының түскендігі туралы хабарламаларды жіберумен қатар мынадай маңызды оқиғалар бойынша хабарламалар жолдана бастады:

- жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қосылуы, яғни жеке зейнетақы шотының ашылғандығы;
- 18 жасқа толуы;
- зейнет жасына толуы, сәйкесінше, міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алу құқығының туындауы;
- ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен зейнетақы төлемін алу құқығының туындауы;
- міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы төлемін алу құқығының туындауы;
- зейнетақы жинақтарының жеке жоспарын іске асыру мониторингі;
- туған күнмен құттықтау Push-хабарламалар - Қор салымшыларына БЖЗК/ЕНПФ ұялы қосымшасы және enpf.kz сайтындағы жеке кабинет арқылы жіберілетін қысқаша мәлімдеме.

Ұсынылған сервистерді БЖЗК мақаранды салымшылардың қалауы мен ең көп сұраныс-

қа ие зейнетақы қызметтерін зерделеу негізінде әзірледі. Қордың меншікті сараптау жүйесі (ACRM) арқылы ауқымды көлемдегі деректерді талдау және өңдеу, алушыларды іріктеу, Push хабарламаларды қалыптастырып, жіберу жүзеге асырылады.

Жыл басынан бері Қордың шамамен 223 мыңға жуық салымшысы маңызды оқиғалар туралы хабарлама алды.

Хабарламаларды алу үшін салымшылар БЖЗК/ЕНПФ ұялы қосымшасы немесе enpf.kz сайтындағы жеке кабинетте «Push-хабарламалар» бөлімі арқылы жіберілімге жазылулары қажет.

«БЖЗК» АҚ өз қызметі барысында салымшыларына қызмет көрсету сапасын жақсартуға әрдайым ұмтылады және цифрлық форматта ұсынылатын сервистер желісін үнемі кеңейтіп отырады. Қазіргі уақытта Қор зейнетақы қызметтерінің 90%-дан астамын онлайн-форматта ұсынады. Салымшылардың сайттағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетте өз шотынан кез келген кезең үшін үзінді көшірме алып, жеке деректемелерін өзгерту, болашақ зейнетақыларының болжамды мөлшерін есептеп, жинақтарының бір бөлігін ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аударып, Ұлттық Банктің басқаруына қайтару туралы өтініш беруге және тағы басқа да мүмкіндіктері бар.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары тартуды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемінің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналары есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.

Директор – бас редактор
Риза АСАНҚЫЗЫ
МОЛДАШЕВА

Редактордың орынбасары – жауапты хатшы
Роза ПУШПАҚОВА

  www.semeytanu.kz
ABAI AIMAQ медиахолдингі www.semeytanu.kz Email: info@semeytanu.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № КЗ66ВР00061115, 12.12.2022 ж.

Газет «ABAI AIMAQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады.

Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісілді. Алғашқы үш рет - сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарияланған мақалалардың авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің қуырында. Меншікті тілшілеріміз: Бороудилихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12. Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 20555



Кезекші редактор Ай-Керім СӘРСЕНҚАЛИ